

ТАС ТҮСКЕН ЖЕРІНЕ АУЫР

«Мемлекеттік тіл туралы» жаңа Заң жобасын сөз еткенімізге де біршама уақыт болды. Жоба жоғары заң шығарушы орган — Парламентке ұсынылмастан бұрын бірнеше талқылаудан өтті. Ең алғаш алматылық зиялы қауыммен ұйымдастырылған дөңгелек үстелде Тіл комитетінің төрағасы Ерден Қажыбек «...бұл заң жобасына балама ретінде басқа да жобалар дайындалды, дегенмен Қазақ гуманитарлық Заң университеті дайындаған жоба өзгелеріне негіз етіп алынады» деп атап өткен болатын. Осыдан кейін, үміт артып отырған заң жобасы елордада талқыланды. Он бес баптан тұратын жобаның құрамына заң ғылымдарының докторы, профессор М.Нәрікбаев, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Айталы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Әбуов, заң ғылымдарының докторы, академик М.Баймаханов, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Ә.Бәкір сынды белгілі ғалымдар кіргізілген жұмыс тобы әзірлеген екен. «Жаңа заң жобасы әдеттегідей шарттылық па, әлде нақтылық па? Бүгінгі заң жобасы ертең мемлекеттік тілді үйренуге деген қажеттілікті тудыра алады ма?» Бұл сауалдар тіл жанашырларын бей-жай қалдырмайды. Іштегі күмәнді тарқату мақсатында жобаны әзірлеген топтың төрағасы Мақсұт Нәрікбаевқа жолыққан едік.

Мақсұт НӘРІКБАЕВ, Қазақ гуманитарлық Заң университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы:

# Мемлекеттік тілде сөйлемейтін билік заңсыз болып саналады

— Мақсұт Сұлтанұлы, Заң жобасында Мемлекеттік тіл қазақ тілі екенін тайға таңба басқандай айтылған боларсыздар?

— «Мемлекетімізде «Тілдер туралы» Заң бар, басқа заңның не қажеті бар?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, қолданыстағы тілдік заңнамада мемлекеттік тілді менгерудің нақты қажеттілігі анықталмаған. Шынын айтсақ, бүгінгі таңда мемлекеттік тіл бар, оның мәртебесі заң жүзінде, Ата Заңымыз — Конституцияда көрсетілген. Ал бірақ қазақ тілі өмірде мемлекеттік тіл дәрежесін ала қойды деп айта алмайсыз. Қазір қолданыста жүрген заңда мемлекеттік тілдің қажеттілігін айқындайтын, қамтамасыз ететін құқықтық механизм көрсетілмеген. Қазіргі кезде «Тіл туралы» Заңның кейбір баптарын, сондай-ақ Ата Заңымыздың 7-бабын өзгерту керек деген өңгімелер де көп айтылып жүр. Бірақ ол болашақтың ісі болар. Ал дәл қазіргі таңда Ата Заңымызды, «Тіл туралы» Заңымызды толықтай өзгертуге ертерек. Заңгер ретінде көзіміздің жеткені — ол өзгеріс бола қоятын дүние емес. Сондықтан бұл іске басқа қырынан келген дұрыс болар деп ойладық. Мұндай мүмкіндікті Конституциямыздың 93-бабынан таптық. «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның жобасын дайындауға негіз болған, себеп болған — Ата Заңымыздың 93-бабы. Онда былай делінген: «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін менгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті». Осы жердегі «арнаулы заңға сәйкес» сөз тіркесі осы бапқа көрсетілген талаптарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген шешімге келдік. Осы бапқа қарасақ, негізінен, «Тіл туралы» Заң бір бөлек, ал «Мемлекеттік тіл туралы» жеке Заң қабылдаудың қажеттілігі бар сияқты. Екіншіден, мемлекеттік тілді менгеруге деген сұранысты ісқағаздарын мемлекеттік тілге аудару шектеп отыр. Занда-

рымыздың 99,99 пайызы тек қана орыс тілінде жазылып, сосын барып қазақ тіліне аударылады. Барлық мемлекеттік ұйымдар, оқу орындары жұмыс қағазын орыс тілінде жазып, аударма жасау түрінде жүргізіп отыр. Үшіншіден, қазақ халқы санының өсуіне қарамастан, қазақ тілін ана тілі ретінде менгерген бауырларымыздың санының көбеймей отыруы тілдік дағдарыстың жалғасын келе жатқанын білдіреді. Осы тілдің иесі — қазақтардың саны бүгін 70 пайызға жуықпыз, яғни қазақтың саны көбейгенімен, мемлекеттік тілді, өзінің ұлттық тілін, ана тілін білмейтіндердің саны көбеймей отыр. Білмейтіндер азаюдың орнына арта түсуде. Қазақ тілінің мемлекеттік тілдің иесі қазақтың өзіне де қажеттілігі бүгін аса шамалы болып отыр. Оның себептері көп.

Төртіншіден, қазақ тілі жаһандану заманында орыс, ағылшын тілдерімен бәсекелестікке түсті. Осыған байланысты біздің елде әлемнің басқа елдеріндегідей тілді қолдану мен дамыту үшін тілді қорғау тетіктерін енгізу қажеттігі туып отыр. Біздің қоғамымызда кейде ағылшын тілі қажет емес, алдымен осы мемлекеттік тілді игеріп алайық, одан кейін ғана үшінші тіл туралы айтуға болады, орыс тілінің мәртебесін түсіріп алмайық деген өңгімелер айтылады. Бұл да жақсы ниет болар. Ал бірақ бүгін біз жаһандану дәуірін бастан кешіріп жатырмыз. Сондықтан ағылшын тілін де білу қажет. Біз басқа қоғамнан, басқа мемлекеттен шет қалып қоймайық десек, ертең экономикамыз бар, басқа саламыз бар, өсіп-өркендейміз десек ағылшын тілін үйрену қажет. Сондықтан қазақ тілі орыс және ағылшын тілімен бәсекелестікке түсіп отыр. Бесіншіден, қазақтардың ұлттық сана-сезімі және жақын уақытта ел тұрғындарының 70 пайызын құрайтын қазақ

этносның демографиялық өсуі тілдік заңнамаға жаңа көзқарасты талап етіп отыр. Осы негізгі ұлт — қазақ ұлты мемлекеттік тілге, өзінің ана тіліне басқа түйсікпен, басқа көзқараспен қарау кезеңі келіп отырған сияқты. Өзіміз осы ана тілімізді ту етіп, оның өмірге толықтай енуін алдымызға мақсат етіп, тіпті қажет десеніз, менің ойымша, бүгінгі біздің ұлттық идеямыздың ұлттық идеологиясы есебінде жоғары көтермесек бұл мәселені шеше алмаймыз. Үкіметте біздің ғана емес, басқа да елдің сойылын соғып жүрген азаматтардың мемлекеттік тілге қатысты заң жоба-

лары бар. Елбасының қолдауымен арнайы комиссия құрылып, жұмыс жасалып жатыр. Өзіміз ұсынып отырған заң жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар өткіздік. Алғашқыда Астана қаласында ақпарат құралдары өкілдерін жинап, жария еткенбіз. Кейін Алматы мен Астана қалаларында мемлекеттік органдар өкілдерін, заңгерлерді, тілшілерді, саясаткерлерді, тіл жанашырларын, депутаттарды, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін жинап дөңгелек үстелдер өткіздік. Осы басқосулардың нәтижесінде біздің ұсынған құжат мемлекеттік тілге қатысты басқа заң жобаларына негіз болсын деген шешім қабылданып, бұл шешім тіл мәселесімен айналысып жүрген мемлекеттік органдардың, атап айтқанда, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Тілдер комитетінің қолдауына ие болды. — Неше жыл өзге елдің отарында болған мемлекеттер де тәуелсіздіктен кейін мемлекеттік тілдерін нақтылап ала алды ғой. Сіздер, жобаны әзірлеу барысында сол халықаралық тәжірибеге сүйендіңіздер ме?

— Әлемнің жүзден астам елінде «Мемлекеттік тіл туралы» Заң бар, жалпы әлемде Мемлекеттік тілдің халықаралық деңгейде қабылданған стандарттары жетерлік. «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын әзірлеу кезінде осы стандарттар басшылыққа алынды, ал елімізде қолданыста жүрген «Тіл туралы» Заң бұл стандарттарға сәйкес келмейтіні анықталды.

Халықаралық стандарттар бойынша мемлекеттік тілде сөйлемейтін мемлекеттік билік заңсыз билік болып саналады. Олай болса, біздің мемлекетіміздегі билік тармақтарының заңға сәйкестігіне күмәнмен қарауға болады. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын дайындағанда басқа мемлекеттердің осы мәселеге арналған заңдарымен танысып, оларды бір-бірімен салыстырып, олардың ұтымды жерлерін алуға, кемшіліктерін қайталамауға тырыстық. Ұсынып отырған «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасы Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдары, байланыс, сот, банк, көлік, сауда, денсаулық, басқа да халыққа қызмет көрсететін мекемелер қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуін міндеттейді. Заң мемлекеттік тілді білуге, бірінші кезекте қазақтарды, екінші кезекте оқып, білім алып жатқан диаспора жастарын, үшінші кезекте қалғандарын міндеттейді. Заң жобасында бірінші рет мемлекеттік тілді білу деген ұғымның анықтамасы берілді. Ол — мемлекеттік тілді білу, мемлекеттік тілде оқу, мемлекеттік тілде жазу. Мемлекеттік тілдің

саяси, құқықтық мәртебесі елдегі басқа тілдермен салыстырғанда өте жоғары болуы тиіс. Қазіргі күні елімізде қазақтардың демографиялық өсуі байқалып отырғандығын демограф мамандар айтып келеді. Ел халқының жетпіс пайызға жуығын құрайтын ұлқа сол ұлттың тілінде қызмет көрсетуі тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Заң жобасында

мемлекеттік тілді дамыту үшін қаржылық қолдаудың қажеттілігі баса айтылады. Әсіресе, балалар әдебиетін, қазақ тілді баспасөзді, қазақ тілінде шығатын әдебиетке қаржылық қолдау керек. — Ана тіліміздің төрге шыға алмауының негізгі себептерінің бірі мемлекет тарапынан жөнді қолдаудың болмай жатқаны сияқты. Сіздер осыны ескердіңіздер ме? — Парламенттің саяси сахнаға келгеніне қазір бірнеше жыл болды, бірақ Үкімет осы кезге шейін бірде-бір заңды қазақ тілінде ұсына алған жоқ. Бұл мемлекеттік билік жүйесінде қазақ тілі шын мәнісінде дағдарыста деген сөз. Еліміздегі тәуелсіздік жағдайы, қоғамды демократияландырудағы бағытымыз — белгілі бір жағдайда ұлттық санамыздың, ұлттық болмысымыздың еппеп болса да күшейіп, қарқын алып келе жатқанының дәлелі. Бұл жолда мемлекеттік тілдің алар орны ерекше. Елбасымыз қазақ тілі достыққа, ынтымаққа ұйыпқы болу және топтастырушылық рөл атқару керектігін баса айтып келеді. Олай болса қазақ ұлты басқа халықтарды рухани дүниелерімен, тілімен, парасатты, пәрменді тілімен иландыра білуі тиіс. Біз заң жобасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын барынша ойластырып, мектепке дейінгі балалар мекемелерінен бастап билік орындарына дейін түгел қамтуға тырыстық.

Қазақ тілінің мемлекеттік тілдің иесі қазақтың өзіне де қажеттілігі бүгін аса шамалы болып отыр.

Тіл жанашыры! Өз газетіңе





ТІЛГЕ ДОСТЫҢ МҰҢЫ ЖОҚ ТІЛДЕН БАСҚА

# Қайнар бұлақ

**Тіл ұлттың қаны мен жаны. Қан азайса немесе бұзылса, адам тәнінің әлсіреп, жансызданып, бірте-бірте өмір сүру белсенділігі, қабілеті төмендеп, ақыр соңында ауруға шалдығады. Ұлт та – сондай. Ұлттың тілі кемісе, оның басты қасиеті рухани болмысы да нашарлап, этностық белгілерінің жойылуына алып келеді. Бұл – ұлттық ерекшеліктердің жойылып, оның ұлт ретінде өмір сүруі тоқтады деген сөз.**

Ұлттың басты белгісі саналатын тіл – ұлттың рухани қан тамыры. Сол тіл – тамырымен қан жүру арқылы этносты ерекшелендіріп тұратын бүкіл рухани болмысына жан кіріп, ол жеке ұлт ретінде өмір сүре алады. Демек, ұлт өмірінде тіл шешуші рөл атқарады.

Тіл – ұлттық атауларының басы, қайнар бұлағы. Адамзат баласы өзінің өмір тәжірибесін ұлттық қажетіне деп, жиған – тергенін, өмір сүру қағидаларын, жолдарын рухани мұра қып тасқа басылған ілім-білім, тұрмыс-салт дәстүрлері ретінде кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған. Өткеннің рухани мұрасы оның әдебиеті, тарихы, әдет-ғұрыптары, тұрмыс-салттары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, этнос ретіндегі ұлттық өмірін қамтамасыз етті. Әрбір ұлтқа ғасырлар бойы қалыптасқан, сыннан өткен тұрмыс-

халықтың ұлт ретінде өмір сүруінің тоқтауына алып келеді. КСРО-ның кезінде қолға алынған «советтік өмір салты» қазір «маған жететін еш нәрсе жоқ» деп жатқан «батыстың өмір салты» сияқтылар басқа халықтардың ұлт ретінде өмір сүруіне, ұлттық атаулыны жоюға бағытталған идеологиялық басқыншылықтың көріністері ғана. Ұлттық тілін, сол тіл арқылы берілетін ұлттық дәстүрлерін, рухани құндылықтарын, тұрмыс-салтын әлсірету арқылы басқа халықтарды бағындырып, өз дегеніне көндіру, өмір сүру салтына көшіру – жаулаушылардың қашаннан бері зымиян әдіс-айлаларының бірі. Жиырма бірінші ғасырда қару-

айтысуға мәжбүр болып жатыр. Осыны көріп-біліп түсінген, ертеңін ойлаған елдер ұлттық тілін сақтап қалуға, оны күшейте түсуге, өзгелердің жетегінде кетіп, көлеңкесінде қалып қоймауға, яғни өзін жоғалтып алмау үшін барын салуда.

Ұлттық даму мәселесі қай кездерде болсын күн тәртібіне түскен емес. Замана ағымына қарай ұлттық даму мәселелерін дұрыс шешіп отыру – барлық уақыттарда да аса маңызды мәселе. Елді әлеуметтік дамудың тура жолына бастап отыру – ел билігінің, ұлт зиялыларының қоғам алдындағы аса маңызды парызы. Өткен ғасырдың басында ұлт мүддесіне қатысты қаншалықты зәру мәселелер көтерілсе, тәуелсіздіктің туы төбесінде желбіреген бүгінгі күні де соншалықты маңызды. Өйткені ұлт бар жерде ұлттық мәселе бар, оны өмірге орайлас шешу бар.

Орыс отаршылдығынан босанып шығып, тәуелсіз ел болып, енді-енді есімізді жинап, ұлтымыздың ғасырлар бойғы көшінде жоғалтқан рухани құндылықтарын жоқтай, түгелдей бастаған, азаттықтың ақ жолына түсіп, демократия даңғылымен дами бастаған тұсымызда тағы да бір алапат дауылға ұшырадық. Мұхиттың ар жағынан бастау алған жаһандану үдерісі жолындағының бәрін жайпап, күшейіп келеді. Ол адамның тілін, дінін, ділін әлсірету

арқылы сана-сезіміне бұғау салып, әлемді дегеніне көндіруде. Есі бар елдер төніп келе жатқан қауіпті сезініп, құл боп кетпей, өзін сақтап қалу үшін тілін, сол арқылы ұлттық рухын күшейтуге барынша кірісіп жатыр. Қоғамдық даму барысында болмай қоймайтын заңды құбылыс деп, ғылыми жағынан да тәжірибелік жағынан да дәлелденіп, насихатталып жатқан ғаламдасуға жұтылып кетуден тек ұлттық бірлігі, қадір-қасиеті күшті елдер ғана аман қала алады. Ал ұлттың мықты болуы оның халқының саны көп болуымен емес, ұлттық санасының, яғни, тілінің, рухының өміршеңдігімен, күштілігімен тікелей байланысты.

Жиырма бірінші ғасырдың басындағы қазақ қауымы да қоғамдық дамудың сан тарау жолдарының тоғысында тұр. Жаһанданудың жалт-жұлт еткен жылтырақ жолдары жалтырай алыстан арбап өзіне тартады. Онымен жүрсең, біреудің соңынан еріп, өз жолыңды, яғни өзіңді жоғалтсаң, тұрасың айтқанда ұлттың құрдымға апарарды... Енді бір жол бар, ол – ұлттық даму жолы. Бұл жолмен әлі ешкім жүрмеген, ойы-қыры, кедір-бұдыры көп сұрлеу. Ол сұрлеу ата-баба дәстүрінің жолына ұласып жатыр. Жалғызаяқ жолды ұлттық дамудың даңғылына айналдыру бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған аса қиын да құрметті парызы.

Тағы да қадай айтарымыз: ұлттық дамудың тура жолы – оның тілін, сол арқылы әдебиетін, мәдениетін, ілім-білімін өркендетіп, ұлттық рухын күшейту, сана-сезімін нығайту арқылы рухани өмірге жан кіргізу, сол арқылы алда тұрған ұлы істерді қолға алып, ұлы биіктерге шығу болып табылады. Бұл жолда ортаға салар, көп болып шешер мәселелер баршылық.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,  
профессор

Үшінші бір ерекшелік – занның жалпы құрылымында. «Тіл туралы» Заң мен жаңа заң жобасын салыстыра келе айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін анық байқауға болады. Жобада қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесі көрсетілген, сондай-ақ мемлекеттік тіл міндетті түрде қолданылуы тиіс қоғамдық салалар барынша қамтылған. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдайлар жасау жауапкершілігіне қатысты, мемлекеттік тілді құқықтық қорғау және қолдау мәселесіне қатысты арнайы бап белгіленді. Қазақстан Республикасында «Мемлекеттік тіл туралы» Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ осы заң жобасы қабылдана қоятын болса, мемлекеттік тілге қатысы бар кейбір заңдарды осы заңмен сәйкестендіру мәселесі де назардан тыс қалмады.

Қазақ тілі – қазақ мемлекетін құраушы ұлттың тілі. Осы жылы университетімізде өткен кездесулердің бірінде аты дүниежүзіне белгілі тілші ғалым, профессор, Ресей Ғылым академиясының мүшесі В.Лейчикке біздің заңымызда ресми тіл, мемлекеттік тіл деген ұғымдар бар, осы атаулар туралы не айтасыз деген сұрақ қойылды. Оның айтуынша, бұлар әр басқа ұғымдар. Ресейде мемлекеттік тіл – сол мемлекетті құраушы ұлттың тілі. Мемлекеттік тілдің иесі сол мемлекетті құраушы ұлт болып табылады. Бұрынғы Кенестер одағының орнында құрылған мемлекеттерде ұлттық сананың, ұлттық танымның қайта орлеуі заңды құбылыс. Бұл құбылыс біздің ұлтымызға да тән, сондықтан

кеттерде ұлттық сананың, ұлттық танымның қайта орлеуі заңды құбылыс. Бұл құбылыс біздің ұлтымызға да тән, сондықтан

**Парламенттің саяси сахнаға келгеніне қазір бірнеше жыл болды, бірақ Үкімет осы кезге шейін бірде-бір заңды қазақ тілінде ұсына алған жоқ.**

мемлекет дамуында қазақ ұлтының өз орнын белгілеуге деген ұмтылысы ескерілуі қажет. Елбасы биылғы халыққа жолдауында «Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді» деген болатын. Олай болса, қоғамды топтастырушы тілдің иесі – қазақ ұлтының болашағы, ұлт болып қалуы кез келген ұлттың басты белгісі болып саналатын ұлттық тілінің өміршеңдігімен тығыз байланысты болмақ. Сондықтан да «Мемлекеттік тіл» туралы жаңа Заңның қабылдануы уақыт күттірмейтін қажеттілік, ал біздер ұсынып отырған заң жобасы Үкімет тарапынан қолдау тапқан жағдайда маңызды мәселе бойынша оң өзгерістер болатындығына сенімдіміз.

Әңгімелескен  
Жанар КӨБЕКБАЕВА

## жазылуды ұмытпа

салты тән. Тіршілік жасау тұрмыс-салты өмір ағымына ілесіп, жетіліп, өсіп, дамиды, бірақ та ол мүлдем жоғалып кетпейді. Жаңаша көрініс тауып, формасы өзгергенмен де ұлттық мазмұны сол күйінде қалып отырады. Ұлттық тілге, ұлттық дәстүрлерге негізделген өмір салтанатының өзгеруі түптің түбінде сол

дың күші емес, идеологиялық күрес алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазіргі заман тілдердің, діндердің, Батыс пен Шығыстың тайталасымен сипатталады. Әрбір адамның ұлттық тілін, дінін, сол арқылы ділін (менталитет) жаулап алу, сана сезіміне өзгерістер жасап, өзіне бағынышты ету күшейе түсуде. Өмір дегеніміз – күрес. Сол күрестің барысында қаншама тілдер жеңіліс тауып, нәтижесінде ұлттар өмір сүруін тоқтатып, тарихпен қош

Біз ертең не бағатынақ білеміз!

**KAZKOM** *Мен знаешь, что будет завтра!*

**100 млн. \$**  
инвестиция  
«Медеу-Шымбұлақ» дауалы жер инфрақұрылымының құрылысына бөлінеді

**\$ 100 млн.**  
инвестиция  
в строительство инфраструктуры курорта Медеу-Шымбұлақ

Медеу және Шымбұлақ демалыс аймақтарындағы гондольдық жолдар мен көлік тұрақтарының құрылысы Жобаны іске қосу Медеу мен Шымбұлаққа демалушылардың автөкөліксіз келу мәселелерін шешеді. Сондай-ақ Іле Алатауындағы экологиялық ахуалды жақсартуға септігін тигізеді. Жолдың сағатына 2000 адамды өткізу мүмкіндігі бар. Жоба «30 көрпоративті кәшбасшы» бағдарламасына енгізілген.

ҚАЗКОМ тарапынан салынған инвестиция - 100 миллион АҚШ долларын құрайды.

ҚАЗКОММЕРЦБАНК  
www.kkb.kz

ҚАЗКОМ - нағыз және жарық ұлдардың ұшпау мен ұшпауы үшін 2007 жылғы 27 желтоқсанда берген №35 шешіммен құрылған. Лицензия Астанада РК по лицензированию и контролю финансового рынка и финансовым организациям №48 от 27.12.07 г.